



**Сабақтың тақырыбы:**

## **Қазақ шаруаларының көтерілістері**

**Сабақтың мақсаты:**

**білімділік** қазақ шаруаларының жаппай ұжымдастыру саясатына қарсылығының себептерін түсіндіре отырып, барысын және маңызын атап көрсету;

**дамытушылық** тарихи деректерді, құжаттарды, оқулық мәтіндерін пайдалану арқылы осы кезең оқиғасына өз бетінше баға беруге дағдыландыру;

**тәрбиелік** ел тарихына, нәубет құрбандарына құрмет сезімдерін тәрбиелеу

**Сабақтың түрі:** жаңа тақырыпты меңгерту **Сыныбы:** 9а

**Сабақтың әдісі:** проблемалық оқыту, зерттеу, ойын элементтері

**Қажетті құралдар:** карта, оқулық, кесте, хронологиялық мәтін, билет сұрақтары, «тарихтан хат»

**Қолданылған әдебиет:** Қазақстан тарихы 11 сынып, 2007 жыл, «Қазақ тарихы» 2010/2




**Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру бөлімі**  
**II. Өткен сабақпен байланыс**

**1 топ:** *Сөздің көтерілісі. Жетісудағы көтеріліс.*

**2 топ:** *Ақтөбе, Қостанай және Қызылорда округтеріндегі көтерілістер.*

**3 топ:** *Маңғыстаудағы көтеріліс.*



### **III. «Сұрақ бізден, жауап сізден»**

#### **1 топ**

**1. Кулак дегеніміз кім? *Ауқатты шаруа***

**2. Созақтағы көтерілістің діни сипаты болды ма?**

*Иә, себебі кеңес үкіметі ораза айында діни әдет-ғұрыптарды орындағандарға айып салды*

**3. Жетісудағы Ақсу ауданындағы көтеріліс тек ұлттық сипат алды ма?**

*Жоқ, көтеріліске орыс ұлттары да қатысты*



## 2 топ:

### 1. ОГПУ қандай ұйым?

*Біріккен Мемлекеттік Саяси басқарма. 1923-1934 жылдары мемлекет қауіпсіздігін қорғау мақсатында құрылған ұйым*

### 2. Қостанай округінің Жетіқара ауданындағы көтеріліс қандай сипат алды?

*Партизан соғысы сипатын алды*

### 3. Көтерілістердің 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліспен ұқсас жағы қандай?

*Хан сайлауларында*



### *3 топ:*

**1. 1931 жылдың көктем –жазындағы Маңғыстаудағы көтеріліс қалай аталды?**

*Адайлар көтерілісі*

**2. «Үштіктің » үкімі дегенді қалай түсінесіңдер?**

*(Обл.партия комитетінің хатшысы,  
ІІХК-нің басшысы, прокурордың соттан тыс төтенше үкімі )*

**3. Маңғыстау көтерілісінің ауқымынан қорыққан Голощекин қандай әрекет жасады?**

*Мәскеуден көмек сұрады*

## *IV. Көтерілістер хронологиясы*

- 1. ....1929жс 27/IX... Бостандық ауданының Некем ауылының тұрғындары көтеріліс бастады.**
- 2. Көтеріліс Батпаққара ауданында *1929жс 1/XI* басталып, аудан орталығын басып алды.**
- 3. ....1930жс 12/III Созақ ауданында қазақ шаруаларының көтерілісі басталды.**
- 4. Жазалаушылар *1930 жс 20/III-да* Айжарқын хан мен М.Саматовтың отрядын талқандады.**
- 5. ....1930 жс 27/III-да 200-дей көтерілісші Абакумовканы басып алды.**





6. *1930 ж 30/IV-де* ..... Қарақұм көтерілісшілері қаруларын тапсыра бастады.

7. Өскемен мен Зырян аудандарының жеңілген көтерілісшілері *1930 ж. көктемде* Қытайға қоныс аудара бастады.

8. ОГПУ-дің дерегі бойынша *1930 -1932 жылдары* көтерілісшілер саны 2000 адамға жеткен.

9. Голощекин *1931 ж XII-да* Сталинге Қазақстан аумағындағы 15 ең ірі көтеріліс туралы хабарлады.

10. Созақ көтерілісіне қатысушыларды жазалау *1938 ж* ..... дейін жалғасты.

## V. Кесте бойынша тапсырма. «Қатені түзе»

№	Сұрақтар	Қате жауап	Дұрыс жауап
1	«Бесеудің хаты» бастапқыда арналып жазылды	О.Исаевқа	И.Сталинге
2	Ұжымдастыру саясатына наразылықтың алғашқы белгілері басталған жыл	1929	1928
3	Сырдария округі Бостандық ауданындағы көтерілісшілерге қосылды	Ұйғырлар	Қырғыздар
4	Созақ көтерілісшілері өздерінің ханы етіп сайлады	Т.Мұсабаевты	С.Шолақовты
5	Қарақұм көтерілісшілерінің саны қанша болды?	300-400-дей	500-700 дей





<b>6</b>	<b>Жетісудағы көтеріліс қай уақытқа дейін созылды?</b>	<b>1931 жылдың ақпанына дейін</b>	<b>1930 ж. мамыр айының соңына дейін</b>
<b>7</b>	<b>Қарақұмға жіберілген үкімет комиссиясын басқарды</b>	<b>Ж.Мыңбаев</b>	<b>Ә.Жангелдин</b>
<b>8</b>	<b>Маңғыстаудағы көтеріліске адайлармен бірге белсенді қатысқан ру</b>	<b>Төртқара</b>	<b>Табын</b>
<b>9</b>	<b>1929 жылы Қазақстанда қанша көтерілісшілер отряды болды?</b>	<b>24</b>	<b>31</b>
<b>10</b>	<b>ОГПУ-дің дерегі бойынша 1932-1933 жылдары көтерілісшілер саны қанша адамды құрады?</b>	<b>2 мың</b>	<b>3,2 мың</b>



**VI. «1932 жылдан хат» 144 беттегі дәуір құжаты бойынша көп нүктенің орнына тиісті сандар мен сөздерді жазындар:**

Сонымен, ауданда бар нәрсе **6 айдан** кейін таусылды. Ауданның бес ауылы **№ 2, 5, 8, 14, 16** сөздің тура мағынасында қазір ашығуда. Қалған **алты** ауыл екі топтың арасында орташа жағдайда.

Батпаққара ауданының жағдайы **Торғайдан** да нашар. Сегіз ауылдың **№ 12, 13, 14, 15, 20, 21, 22, 23** тұрғындарының мүлде егістігі жоқ. Осы ауданда ашыққандар көлемі **8000** адамнан еш кем емес. Әуелі бұл ауданнан 800 шаруашылықты **Федоров** ауданына көшіруді ұйғардық.

Сізден **ОК пен КСРО ХКК** арқылы көрші облыстар мен өлкелерден **40** машинасын жіберуді қамтамасыз етсеңіз...



## *VII. Картамен жұмыс*

- 1. Шаруалар толқулары қандай аймақтарда болып өтті?**
- 2. 1930 жылғы ақпандағы көтеріліс қай жерде болды?**
- 3. Күштеп ұжымдастыру саясатынан қашқан қазақтар қай бағытқа қоныс аударды?**



## *VIII. Бекіту. Тест жұмысы*

*1. Халықтың жекелеген топтарын нәсілдік , ұлттық және діни белгілеріне қарай жою қалай аталады?*

*А) трагедия    Ә) Геноцид    Б) репрессия*

*2. Бостандық ауданындағы көтерілісшілердің*

*А) Т.Мұсабаев    Ә) А.Смағұлов    Б) Е.Жанбаев*

*3. Шаруалар көтерілісіне кеңес өкіметі қандай сипат берді?*

*А) Феодалдық –буржуазиялық көтеріліс*

*Ә) Қазақ шаруаларының саботажы*

*Б) Кеңес өкіметіне қарсы контрреволюциялық қарулы көтеріліс*

*4. Ольшанский кім болған?*

*А) Қазақстан ОГПУ-нің басшысы*

*Ә) Қазақ АКСР-і ХКК-нің төрағасы*

*Б) Қазақ АКСР-і Халық комиссары*



5. Лагерьлердің Бас барқармасы қалай аталды?

А) Қарлағ      Ә) Степлаг      Б) ГУЛАГ

6. «Кеңес өкіметі жойылсын, ерікті еңбек жасасын!» ұранын қай ауданның көтерілісшілері көтерді?

А) Өскемен мен Зырян      Ә) Бостандық      Б) Қарақұм

7. Қостанай округінде көтерілісшілерінің негізгі күші шоғырланған аудан:

А) Ырғыз      Ә) Жетіқара      Б) Лепсі

8. 1932 жылдың 1 қыркүйегіне дейін Торғай ауданында қанша ірі қара қалды?

А) 5298      Ә) 8200      Б) 5464

9. ГУЛАГ лагерлерінде қанша көтерілісші атылды?

А) 883      Ә) 1075      Б) 745

10. Қазақстандағы күштеп ұжымдастыруға қарсы қарулы қарсылық болып өткен жылдар:

А) 1921-1925 жылдар      Ә) 1931-1933 жылдар      Б) 1929-1931 жылдар



***IX Бағалау. Қорытындылау. Топ жетекшілері топ мүшелерін, ал топ мүшелері жетекшіні бағалайды. Мұғалім сабақты қорытындылайды.***

<b><i>№</i></b>	<b><i>Оқушының аты</i></b>	<b><i>Бағасы</i></b>
<b>1</b>		
<b>2</b>		
<b>3</b>		
<b>4</b>		

**«Ұмыту өткен тарихты, болашақ үшін қауіпті!»** Өйткені...

- Тарихымыз қандай қасіретті болса да ұмытпауға тиіспіз!
- Өткен тарихымыздан сабақ алып, қателіктерімізді қайталамауымыз керек!
- Көтеріліс құрбандарын ұмытпай, еске алып отыру міндетіміз!





## **X. Үйге тапсырма :**

*§ 20-21 «Қазақстандағы 1930 жылдардағы аштық» тақырыбына реферат жазып келу*